

Хабарлама

2023-2024 оқу жылында 1-сынып бойынша тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері алынып, тәрбиенің 3 бағыты бойынша жұмыс жүргізілді. 3 бағыт бойынша тәрбие жұмыстары жыл бойына жүргізіліп отырды. Тәрбие жұмыс жоспары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай алынды.

Өткен жылғы тәрбие жұмыс жоспары бойынша өткізілген тәрбиелік шаралар уақытында өткізілді.

Өткізілген шаралар уақытында жинақталып отырды. Барлық оқушылар өткізілген шараларға белсенділікпен қатысып отырды.

2. Класс ұжымы дамуының талдауы: Кластағы оқушылар ұжым ішінде ұйымшыл, әр оқушының қабілеттері әр түрлі берілген топтық тапсырмаларды өздерінің қабілеттеріне қарай орындап отырады. Кластың дәстүрлі мерекелері, күнтізбелік мерекелер, сыныптан тыс шараларға, үйірмелерге қатысады. Оқушыларды мектепке араласу мақсатында сынып белсенділері сайланып, өз жұмыстары жөнінде түсініктер беріліп отырды. Сынып белсенділері Ішкі істер секторы: Бердәлі Айзере, спорт және денсаулық секторы: Берекет Мирас, Оңғар Сағынған, Ұамқорлық секторы: Жайлау Әлихан, тазалық секторы Майлыбаева Айару, Қайыржан Жаннұр, тәртіп секторы: Кенжебекұлы Ж, Сәлімгерей Жанайдар, пресс секторы: Арманұлы Димаш, мәдени бос уақытты ұйымдастыру секторы: Бердәлі Сабина, Абзалқызы Диана сайланды. Сыныпта бірін-бірі тындайды, достық қарым – қатынас жасайды, класта кезекшілік міндеттерін атқарады.

3. Оқушылардың класс және мектеп өміріне қатысуына талдау: оқушылардың мектептегі үйірме жұмысына қатысуы жақсы. Күрес үйірмесіне Берекет Мирас, Жайлау Әлихан, Кенжебекұлы Жан, Сәлімгерей Жанайдар, Арманұлы Димаш қатысады. Үйірмеге уақытында қатысып отырады.

4. Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын талдау:

оқушылардың кластағы және мектептігі өзін-өзі басқару ұйымына қатысуы және олардың ұйымдастырушылық деңгейіне келетін болсақ ұйымдастыру қабілеттері әлі кішкентай басқара алмайды. Берілген тапсырманы орындап отырады.

5. Класс оқушыларының дамуының талдауы: сынып оқушыларының әлеуметтік паспорты жасалынды. Толық отбасы 11, оның ішінде көп балалы отбасы саны 4, аз қамтылған отбасы 5, жартылай жетім 2 отбасы бар. Оқушылардың тәрбиелік деңгейінің диагностикасы анықталып, алдағы уақытта өте жақсы, жақсы деңгейге жеткізуге болады.

Класс оқушыларының білім, білік және дағдысы деңгейі, олардың сабақ үлгеріміне келетін болсақ класта барлығы 11 оқушы бар. Оның 6-уы ұл бала, 5-еуі қыз бала. Класқа баға шықпайды бірақ өте жақсы оқитын оқушылар Жайлау Әлихан, Кенжебекұлы Жан, Бердәлі Айзере, Майлыбаева Айару, Берекет Мирас жақсы оқитын Абзалқызы Диана, Сәлімгерей Жанайдар, қалғаны орташа оқитындар бар. Класс оқушылары себепсіз сабақтан қалмайды. Оқушылар класта, сабақтан тыс уақытта бір-біріне көмектеседі, мектептегі, облыстағы, республикалық олимпиадаларға қатысып отырады.

6. Кластағы тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы мен жүргізілуінің пәрменділігі талдауы:

Тәрбие жұмыс жоспарына келетін болсақ тәрбие жұмысы 3 бағытпен жасалынып бекітілді. Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап бағыттары.

Қыркүйек айында «Мектебім-мейірім мекені, Сәлем, жаңа оқу жылы, Жолда жүру ережелерін білеміз бе? Көше күтпеген оқиғаларға толы, Отбасы өмір аясы, Қауіпсіздік ережесін білеміз бе?» сынып сағаттары өткізілді.

Қазан айында Ұстаз – ұлы тұлға, Бір отбасы – бір кітап, Бес нәрсеге асық бол, Жаяу жүргінші өтпелері Менің Республикам Қазақстан» сынып сағаттары өткізілді.

Қараша айында «Аяулы күз, алтын күз, Әкеге-ізет, анаға құрмет, 15 қараша-Ұлттық теңге күні, Оян, ар мен адалдық» сынып сағаттары өткізілді.

Желтоқсан айында «Үйрен жақсы әдептен, Реттелетін жол қиылыстары, Бағдаршам, Отбасы-тәрбиенің алтын бесігі, Көк тудың желбірегені» ашық сынып сағаты, «Төрле, төрле Жаңа жыл!» ертеңгілігі өткізілді. Сонымен бірге «Қош бол, Әліппе!» ертеңгілігін өткіздік.

Қаңтар айында «Мен оқыған бір ертегі, Ұлттық ойын-ұлт қазынасы, Отбасылық таланттар, Кітап- сарқылмас қазына» сынып сағаттары өткізілді.

Ақпан айында «Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы, Мектептегі мінез-құлық ережелері, Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» сынып сағаттары өткізілді.

Наурыз айында «Ізгіліктің бір ізі- алғыс, Бәрі де ана, бір өзіңнен басталады ашық сынып сағаты, Қош келдің, Өз Наурыз!» ашық сынып сағаты өткізілді.

Сәуір айында «Ұлттық киім-ұрпаққа мұра, Табиғат тамашалары, Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды, Отбасымен бірге өткізген қуанышты күндерім, Кітапханаға саяхат, Сөз қадірі-өз қадірің» сынып сағаттары өткізілді.

Мамыр айында «1 мамыр- Қазақстан халықтарының бірлігі, Жеңіс деген шат күлкісі баланың» Менің гүлзарым сынып сағаттары өткізілді. 23 мамыр күні Сағадат Нұрмағанбетовтың туғанына 100 жыл толуына байланысты «Сағадат Нұрмағанбетов қазақтан шыққан қайсар ұл» деген тәрбие сағаты өткізілді.

24 мамыр күні «Білімім Отаныма» тәрбие сағаты өткізілді және жаздағы, судағы қауіпсіздік шаралары туралы айтылды. Жылдың соңында 31 мамыр күні «Балалардың жазғы демалысын тиімді өткізу туралы кітаппен» таныстырылды.

7. Оқушылармен жеке жүргізілген тәрбие жұмысының нәтижесінің талдауы:

Дарынды балалармен атқарған жұмыс нәтижесіне келетін болсақ дарынды балалармен жұмыс жоспары жасалынып бекітілді. Мектепшілік, облыстық, республикалық олимпиадаларға белсенді қатысып отырады.

Менің оқушыларымның биылғы оқу жылында жеткен жетістіктері

Бердәлі Айзере 1-сынып «Кидстарт» I дәрежелі Диплом 2023ж, Майлыбаева Айару 1-сынып Кидстарт I дәрежелі Диплом 2023ж.

1-4 кл, математика пәнінен, облыстық **«Smart оқушы»** Кенжебекұлы Жан – II дәрежелі диплом,

Жайлау Әлихан - I дәрежелі диплом, Бердалы Айзере – I дәрежелі диплом, **KidsStart облыстық пәндік олимпиада** I дәрежелі диплом Жайлау Ә, Кенжебекұлы Ж 2024ж

Жалпы білім беретін пәндер бойынша II Республикалық «Sapsan» олимпиадасының Облыстық кезеңі I дәрежелі диплом Бердәлі А – 1 сынып, Жайлау Ә – 1 сынып, Сәлімгерей Ж – 1 сынып, Кенжебекұлы Ж – 1 сынып 2024ж. Сонымен бірге «Біз дарынды баламыз» сайысы өткізілді.

Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыс нәтижесіне келсек Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспары жасалынып бекітілді.

Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша сабақтар 1-ші күні 1, 2-ші сыныпқа, 3-ші күні 4-сыныптарға өткізілді. Жылдың соңында тест жұмыстары алынды. Үлгерімі төмен оқушылармен «Мен жақсы оқитын боламын» сайысы өткізілді. «Тәрбиесі қиын», «тәуекел» тобына алынған оқушы жоқ.

8. Педагогикалық ұжыммен өзара байланыс талдауы: Пән мұғалімдерімен, бірлестік мүшелерімен байланыс үнемі жасалынып отырылды. Оқушылардың сабақ үлгерімі, тәртібі, қосымша сабақтарға қатысуы жөнінде қарым-қатынас жасалынды.

9. Отбасымен педагогикалық байланыс :

Ата-аналардың кластағы тәрбие жұмысына келетін болсақ «Ата –аналармен жұмыс жоспары жасалынды.

Қыркүйек айында оқу жылының өзгерістерімен таныстырылып, ата-аналар комитетінің құрамы сайланды. Ата-аналармен тақырыптық жиналыстар өткізілді. Ата-аналармен бірлесе өткізген тәрбиелік шаралар да болды.

1-сынып бойынша бір жиналысқа қатыспаған ата-аналар болған жоқ. Ата-аналар жиналысқа, балаларының тәрбие сағаттарына, сабақтарына қатысып үнемі байланыста болды.

10. Қорытынды:

Класс ұжымының өткен жылғы басты жетістіктері; оқушыларды тәрбиелеу барысындағы тәрбиелік шаралардың бәрі өткізілді. Өткізілген шаралардың барлығы уақытында папкаға жинақталып салынды. Тәрбие жұмысы бойынша өткізілмей қалған тәрбиелік шаралар болған жоқ.

Келесі оқу жылында тәрбие жұмысы бойынша жаңа әдіс-тәсілдерді қолданамыз деп айта аламын.

11. Қосымшалар: Класс оқушыларымен қосымша бағдарламалармен жұмыстар өткізілді. Жолда жүру ережелері, Өмір қауіпсіздік ережелері, Құқықтық тәрбие тақырыбында тәрбиелік шаралар уақытында өткізілді.



Класс жетекші : Салық Анархан Аққалиқызы